

Садықова Раиса Толеуқызының 6D020500 - «Филология» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін орындалған «Семейдегі Алаш әдеби ортасы және Халел Габбасұлы мұрасы: шығармашылық ықпалдастық» тақырыбындағы диссертациясына

ПІКІР

Ұлттың сан ғасырлық рухы мен мұратының ұлы төңкерісі – Алаш қозғалысы ел тағдырының тұтас идеясын қамтығанын бүгінде көпшілігіміз білеміз. Алаш қайраткерлерінің күрес тағылымы да, алаш қаламгерлерінің мұрасы да жылдан-жылға қазақ халқының рухани-мәдени өміріне еніп, «Алаш» сөзі қоғамымызда киелі ұғым ретінде ұлықталып келеді.

Алаш зиялыштарының саяси-рухани құрестегі басты мақсаты мен ұлы міндеті – халқымыздың басын біріктіріп, сол арқылы елдігімізді айқындау.

Алаш қаламгерлері ғасырдың ортасында алғашқы белгілері байқалған ұлттық жазба әдебиетіндегі жанрлық жағынан да, стильдік түрғыдан да қалыптастырды, анағұрлым байытты. Алаш қозғалысы кезінде нағыз ұлттық мазмұндағы қазақ баспасөзі қалыптасты. Бұл құбылыс, тиісінше, әдеби тіліміздің көсемсөз жанрының пайда болуына түрткі болды.

Ұсынылып отырған жұмыста ізденуші Раиса Садықованың XX ғасыр басындағы семейлік әдеби ортаның туып, идеялық, тарихи, әдеби негіздерін айқындаپ, оған Абай тағылымының, Абайдың әдеби ортасының әсер-ықпалын дәйектеу негізінде, алаш арыстары туғызған азаттық рухындағы ұлт баспасөзі, оны дамытудағы Халел Габбасұлының әдеби-көсемсөздік еңбектерін тарихи-әдеби түрғыда зерттеуге тырысқан талабы құлтарлық.

Диссертациялық жұмыста ізденуші қол жеткізген ғылыми нәтижелер өзінің ішкі бірлігімен ерекшеленеді. Әрбір тараудың бір-бірімен логикалық байланысы диссертацияның негізгі нәтижелерімен сабактасып келеді.

Кіріспе мен қорытындыдан, екі бөлімнен, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұратын диссертациялық еңбектің құрылымы біртұтас. Негізігі бөлімдер өзара жүйелі сабактасып, бірін-бірі толықтырып тұр. Зерттеу нәтижесінде алынған әрбір тұжырым, түйіндер желісі үзілмей ұстаса келе басты ғылыми көзқарасты айқындауға қызмет жасаған.

Ізденуші тақырып бойынша облыстық, қалалық мұрағаттарда, Ұлттық қолжазба қорында тыңғылықты істер тындырған.

Бұл еңбектің және бір ерекшелігі Халел Габбасұлының әдеби-көсемсөздік мұраларына тоқталған. Біз Халелді Алаш қайраткері ретінде танимыз. Диссидент Халелдің шығармашылық қырын ашып, оны публицист ретінде танытқан. Алаштың үні болған «Сарыарқа» газетінде атқарған қызметі туралы деректер берген. Ғылыми жұмысты орындау барысында өзгеде алаштану ғылымына қатысты деректер қолданылып, еңбектің ғылыми мазмұндық сапасын байыта түскен.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері, өзектілігі ғылыми негізде нақтыланған. Ізденушінің тақырыпты терең әрі жетік игергені ой

қорытулар мен пайымдаулар жасауда кеңінен көрініс тапқан. Жұмыстың ғылыми методологиялық принциптері мен әдіснамасы қатаң сақталған.

Қорыта келе айтпагымыз, бүгінгі таңда Халел Ғаббасұлының ғұмырбаяны мен шығармашылық мұрасының зерттелуінің өзіндік мән маңызы бар. Садықова Раиса Толеуқызының диссертациялық жұмысын қорғауға ұсынып, 6D020500 - «Филология» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАК

«Абай және ұлттық руханият» F3O-ның

жетекші ғылыми қызметкері

Смагулова А.Т.



Іжадын растаймын
Персоналды басқару және ҚАБ басшысы

15 12 2021 ж.